

Ата-аналар жиналасының хаттамасы № 1
Хаттамасы № 1

07.09.2021ж

Жиналысқа қатысуға тиісті: 22

Қатысқан: 16

Қатыспаған: 6

Тәрбиеші: Сарыпбекова Раушан

Тақырыбы : «Мен мектепке барамын»

Күн тәртібі:

1.Мектепке не үшін барамыз?

2. Құжаттар мен оқу құралдары туралы.

Тыңдалды:



1.Тәрбиеші: Сарыпбекова Раушан сөз алды. Жалпы барлық балалар 5-жасқа толысымен мектепалды даярлық тобына қабылдануы туралы атап өтті. Міндетті түрде аптасына 5-күн оқу қызметіне қатысып керекті тәлім тәрбие алып отыруы міндетті. Ата-аналар екінші ауысым 14/00-де әкеліп,16.10-да алып кетуі де қарастырылды. Мектепшілік барлық іс-шараларға қатысып тұрулары керек.Сыныптағы мүліктер мен өздерінің ойнайтын ойыншықтарын бүлдірмеулері туралы айтылды. Аптасына бір рет парталарды тәрбиешімен бірге жуып тазалауда қарастырылды, сөйтіп балаларды еңбекке баулу керек деп шешім қабылданды.

Тыңдалды:

2.Барлық балалардың құжаттарын ата-аналар жинастырып өткізілуі қарастырылды. Мектеп тарапынан керекті оқулықтар тегін табысталды. Мектепке міндетті түрде медициналық тексерістен өтуі керек екені де айтылды.Мектепке міндетті түрде таза киініп, керекті құрал-жабдықтарын қамтамасыз етулері керек деп айтылды.

Шешім:

- 1.Ата-аналар ауа-райына байланысты күнде әкеліп әкетіп отырады. Медициналық тексерістің кітапшасын тапсыру мерзімі 1-апта.
- 2.Себепсіз сабақты босатпау ескертілді.

Тәрбиеші:		Сарыпбекова Р
Ата-аналар жиналысының төрайымы:		Мырзамұрат Г
Ата-аналар жиналысының хатшысы:		Медетова Г

Ата-аналар жиналасының хаттамасы

Хаттамасы № 2

16.09.2021ж

Жиналысқа катысуға тиісті: 22

Қатысқан: 19

Қатыспаған: 3

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Жана оқу жылына ортақ дайыдық топтағы ата-аналарды бір-бірімен жылдық жоспармен, мектептің күнтізбесімен таныстыру.
 2. Оқушы портфолиосы кеңес.
 3. Спорттық мереке
 4. "Бала қабілеті туралы сауалнама баланың дамуындағы отбасының маңызы"
- Ата-аналар комитет төрайымын сайлау,

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша тәрбиеші сөз алды. Тәрбиеші Сарыпбекова Раушан топтағы ата-аналар бір-бірімен, сонымен қатар топ тәрбиешісімен таныстырды. Ендігі кезекте ұйымдастырылған оқу қызметінің тәрбие жұмыстарын жүргізетінін айтты. Балалардың мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы бойынша өтетінін айтты.


Екінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Сарсенова Клара оқушы портфолиясы туралы кеңес берілді. Тәрбиеші оқушы портфолиосын жасалауын түсіндірді.

Үшінші мәселе бойынша спорттық мереке ұйымдастырылып, аналармен бірге спорттық іс-шара өткіздік.

Төртінші мәселе бойынша аналардан бала қабілеті туралы сауалнама алынды. Аналар барынша шынайы нақты жауап берді. Топ тәрбиешісі балалар тізімін таныстырып, балаларды эпидимиялогиялық жағдайға байланысты санитарлық талаптарды сақтауға баулу және де ата-аналар комитетінің мүшелерін сайлауға шақырды. Ата-аналар бір ауыздан комитетінің төрайымы Жұмабаева Гүлнұр деп шешті. Көмекшісі: Мырзабаева Әлия деп бекітілді.

Қаулы:

1. Ата-аналармен тәрбиеші өздеріне қойылған талаптарды өз деңгейінде орындасын
2. Сауалнама толтырылды.
3. Ата-аналар комитетінің төрайымы болып бекітілді.

Тәрбиеші  Сарыпбекова Р
Ата-аналар жиналысының төрайымы  Мырзамұрат І
Ата-аналар жиналысының хатшысы  Медетова Г

Ата-аналар жиналасының хаттамасы № 3
хаттамасы № 3

20.12.2021ж

Жиналысқа қатысуға тиісті: 22

Қатысқан: 17

Қатыспаған: 5

Тәрбиеші: Сарыпбекова Раушан

Тақырыбы : « Отбасы-тәрбие ұясы»

Күн тәртібі:

1. Біз қандай ата-анамыз?
2. Жаңа-жылдық мейрам туралы

Тыңдалды:

1.Тәрбиеші: Сарыпбекова Раушан сөз алды .Ол өз сөзінде жалпы "Отбасы -тәрбиенін ұясы" атты тақырыбы жайлы сөз қозғады..


Бала тәрбиесіндегі ата-ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіру. Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы туған ұясы,отбасындағы ата-ана тәрбиесі, өнегесі және ата-ана баланың бас ұстазы екенін түсіндіру.Отбасы арасындағы бауырмалдық,қайырымдылық, достық қарым-қатынасты қалыптастыру туралы жалпы аталып өтті.


Тыңдалды:


2.Ата-аналарды келе жатқан жаңа-жыл мерекесімен құттықтай келе,балаларға арналған ертеңгілік жөнінде айтылды.Барлық балалар жаңа-жылдық мерекеге қатысатыны туралы айтылды. Қысқы каникул кезінде балаларды өздері жалғыз көшеге,мұзды жерге,орманға бармау керектігі ескертілді.

Шешім:

- 1.Қысқы демалыс кезінде балалардың қауіпсіздігіне абай болу.
- 2.Себепсіз сабақты босатпау ескертілді.

Тәрбиеші:  Сарыпбекова Р

Ата-аналар жиналысының төрайымы:  Мырзамұрат Г

Ата-аналар жиналысының хатшысы:  Медетова Г

Ата-аналар жиналысының хаттамасы № 4
хаттамасы № 4

17.03.2021ж

Жиналысқа қатысуға тиісті: 22

Қатысқан: 17

Қатыспаған: 5

Тәрбиеші: Сарыпбекова Раушан

Тақырыбы : « Жол тәртібін білейік, аман-есен жүрейік»

Күн тәртібі:

1. Оқушыларда жолда жүру ережесі туралы білім қалыптастыру?
2. Жолда абайлап жүруді үйрету?
3. Көшеде жүру ережесімен таныстыра отырып, жолда жүру мәдениетін үйретіп, сақтыққа тәрбиелеу?

Тыңдалды:

1. Тәрбиеші: Сарыпбекова Раушан сөз алды. Ол өз сөзінде жалпы « Жол тәртібін білейік, аман-есен жүрейік» тақырыбында сөз қозғады..


Бүгінде үлкен көшелерде және онда жүйткіген автокөліктер де көп екенін түсіндіру. Мектеп оқушыларының жол ережесін неғұрлым жете біліп, қатаң сақтауын қажет екенін түсіндіру. Оқушыларға жиекжол жоқ жерде қалай жүру керек екені, ондай жағдайда жолдың бір шетімен келе жатқан көлікке қарама-қарсы бағытта жүру керек екені түсіндірілді.


Тыңдалды:


2. Ата-аналарға балаларының өмір қауіпсіздігі туралы айтылды. Балалар үлкендердің көмегімен, жолда жүру ережесін сақтауы туралы айтылды. Каникул кезінде балаларды өздері жалғыз көшеге жібермеу керектігі ескертілді.

Шешім:

1. Көктемгі демалыс кезінде балалардың қауіпсіздігіне абай болу.
2. Себепсіз сабақты босатпау ескертілді.

Тәрбиеші:  Сарыпбекова Р

Ата-аналар жиналысының төрайымы:  Мырзамұрат Г

Ата-аналар жиналысының хатшысы:  Медетова Г